

"Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 мамыр 1993 ж. N 342

"Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 2 сәуірдегі N 1158 U931158_ Жарлығын орындау, тәуелсіз Қазақстанның егемендігін және оның аумақтық тұластығын қорғау, Қазақстан Республикасының жағалауларына жанасатын пайдалы қазбалар мен теңіздердің континенталды шельфінің табиғи теңіз ресурстарын күзету, іргелес суларда шекара режимін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Маңғыстау облысының Ақтау теңіз портында орналастыра отырып, Қазақстан Республикасының Әскери-теңіз Күштері базасы және Шекара әскерлерінің теңіздегі бөлімдері құрылсын.
 2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштері мен Шекара әскерлерінің теңіздегі бөлімдерінің ұйымдық-штаттық құрылымы мен санын және оларды қаржыландыру көздерін анықтайдын болсын.
 3. Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің теңіздегі бөлімдерін қару-жарақпен, әскери техникамен, материалдық-техникалық, тылдық және басқа үлес түрлерімен осы бөлімдердің қаржысы есебінен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының әскери-теңіз базасына жүктелсін.
 4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті 2 айлық мерзімде Қаспий теңізі акваториясындағы міндеттерді орындау жөнінде өзара іс-қимыл жасау мәселесін келісіп алатын болсын.
 5. Маңғыстау және Атырау облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштері мен Шекара әскерлерінің теңіздегі бөлімдері базасының объектілерін салу үшін жер мен акватория бөлуді жүзеге асырын;
- Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштері мен Шекара әскерлеріне тұргын үйлер, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы көлік коммуникациясы мен байланыс объектілерін салуда көмек көрсетсін.
6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қорғаныс Министрлігімен, Өнеркәсіп министрлігімен, Көлік министрлігімен, бірлестіктермен, кәсіпорындармен, корпорацияларымен бірлесіп 2 айлық мерзімде Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштері мен Шекара әскерлерінің теңіздегі бөлімдеріне корабль жасау бағдарламасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің

бекітуіне енгізілсін.

7. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Білім министрлігі ӘАФКЕК Орталық Комитетімен бірлесіп Әскери-Теніз Күштеріне мамандар даярлау жөнінде ұсыныс енгізсін.

8. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі, Қолік министрлігі, Қолік құрылышы министрлігі, Манғыстау және Атырау облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының әскери-теніз базасын байланыс, қолік құралдарымен қамтамасыз етіп, кірме жолдарды жайғастыратын болсын.

9. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Экономика министрлігі 6 айлық мерзімде әскери-теніз базасының объектілерін салуға арналған техникалық тапсырманы дайындаپ, бас мердігер мен бас жобалаушыны анықтасын.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі Әскери-Теніз Күштерінің объектілерін жобалау мен салуға, корабльдер, кемелер, қару-жарақ пен әскери техника, басқа да материалдық-техникалық құрал-жабдық сатып алуға қажетті қаржы бөлінуін көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі